



Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Қаңтар 2020 жыл



Мазмұны



Іріктеме туралы ақпарат

Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі
экономика бойынша

Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік
индексі


Басқа мемлекеттердің PMI индексі

Бизнес-ахуал индексі




Іріктеме туралы ақпарат

2020 жылғы қаңтардағы респонденттердің саны - **442 кәсіпорын**.




- Іскерлік белсенділік индексі кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың бола-шақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптардың жиынтығын қамтитын құрама индекс.
- Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді


Респондент-кәсіпорындардың салалық құрамы



Респондент - кәсіпорындардың өлшемдік құрамы



Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



Экономикадағы іскерлік белсенділіктің өзгерісін сипаттайтын ІБИ 2020 жылдың қаңтар айында нақты сектордағы экономикалық белсенділіктің біршама төмендеуін көрсетіп отыр (50,1).

Іскерлік белсенділіктің ең жоғарғы өсімі құрылыс қарқынында сақталып отыр, оның қарқыны 55,2-ге жетті. Қызмет көрсету саласында индекс 48,8-ге дейін төмендеді, ал өнеркәсіп саласында 51,8-ге дейін шамалы өсу байқалды.

* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Сонымен бірге индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.



Экономика бойынша бірлестірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні



Құрылыс секторы бойынша
ІБИ

55,2



Қызмет көрсету секторы
бойынша ІБИ

48,8




Өнеркәсіп секторы бойынша
ІБИ

51,8

Экономика бойынша ІБИ = 50,1

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Сонымен бірге индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.

Құрылыс саласында жаңа тапсырыстардың көбеюі және жұмыспен қамту деңгейінің сәйкес өсуі есебінен іскерлік белсенділіктің өсуі жалғасты.

Өнеркәсіп саласы кәсіпорындарындағы шикізат жеткізу мерзімдерін қысқарту, алдыңғы аймен салыстырғанда кәсіпкерлік белсенділік индексінің шамалы өсуіне әкелді.

Қызмет көрсету саласында жаңа тапсырыстардың азаюына және жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуіне байланысты іскерлік белсенділік төмендеді.



Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің өзгерістерінің жиынтығы ретінде есептеледі

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ



Тауарлық-материалдық қорлар



Жаңа өнім



Жеткізу мерзімі



Жұмыспен қамту деңгейі



Жаңа тапсырыстар




Іскерлік белсенділік

Құрылыс секторындағы ІБИ

Қызмет көрсету секторындағы ІБИ

Басқа мемлекеттердің PMI индексі

өндіріс саласы бойынша




дереккөз: G20 елдер шеңберіндегі өнеркәсіп саласындағы PMI


<https://tradingeconomics.com/forecast/manufacturing-pmi?continent=g20>, Қазақстан бойынша – өнеркәсіп бірлестірілген ІБИ

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)


Экономика бойынша БАИ



Сала бойынша БАИ



Ағымдағы (АЖ) және болашақ (БЖ) жағдайды бағалау



Сауалнамалардың нәтижелері бойынша нақты сектордағы кәсіпорындар 2019 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда бизнесті жүргізу жағдайының біршама нашарлауын байқауда. Бизнес климат индексі қаңтарда 6,4 құрады.

Барлық секторлар бойынша индикатордың төмендеуі, әсіресе қызмет көрсету секторындағы төмендеу БАИ теріс динамикасына себепші болды. Құрылыс және өнеркәсіп саласында да 2020 жылдың қаңтарында БАИ төмендеді.

2020 жылғы қаңтарда кәсіпорындардың ағымдағы жағдайын бағалауы төмендеп (-) 2.4 құрады. Бұл факт кәсіпорындардың теріс бағалау мөлшерінің өсуіне байланысты орын алды. Сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың едәуір бөлігі бизнес жағдайларының тұрақтылығын атап өтеді.

Алайда, нақты сектордағы кәсіпорындардың жағымды үміттері 2020 жылғы ақпанда 15,8 деңгейінде сақталып қалды.

*Бизнес-ахуал индексі ағымдағы айдағы және келесі айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң немесе теріс жауаптардың арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. Кәсіпорындар қаржы / несие, инфрақұрылым, құқықтық мәселелер, салық ауыртпалығы, тексерулер, айыппұлдар және т.б. жағдайларды бағалайды.

Әдіснамалық түсініктеме



- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индекcін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптардың жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Бизнес - ахуал индекcін есептеу үшін жауаптар балансы қолданылады. Жауаптар балансы ағымдағы айдағы және болашақ айдағы күтілетін бизнес жағдайының өзгерістері жайлы сұрақтарға оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық.

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖБ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖБ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

Где, ЖБ – жауаптар балансы

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

** CESifo (Германия) бизнес – ахуалды бағалау әдіснамасына сәйкес*

**Ақша – кредит саясаты департаменті
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

